

(Пайғамбарлықтың дәлелдері) және (пайғамбарлықтың белгілері)	(دلایل النبوية) و (أعلام النبوية)
Қасиетті Құран	القرآن الكريم
Яхия ибн Аксам былай баяндаған: «Маъмун атты халифаның пікірталастарға арналған мәжілістері болатын, әрі бірде соған әдемі киінген, көркем жүзді, хош иіс сеуіп алған бір яһуди келді. Кейін ол сөйлей бастады, әрі оның сөздері өте керемет болды. Мәжіліс аяқталған соң Маъмун оны өзіне шақыртып алды да: «Сен исраилдіксің ба (яғни яһудисың ба)?» - деп сұрады. Ол: «Иә», - деп жауап берді. Сонда Маъмун оған: «Исламды қабылда, әрі сонда мен саған игілік жасайын және сыйға бөлейін», - деді де, оған, егер ол Исламды қабылдаса, көптеген игіліктер уәде етті. Бірақ яһуди: «Жоқ, мен өз дінім мен ата-бабаларымның дінін таңдаймын», - деді. Кейін ол кетті. Бір жыл өткен соң, әлгі бұрынғы яһуди болған кісі (мәжілістердің біріне) енді мұсылман болған күйінде келді де, фикһ пен хадис ілімдері туралы сөйлей бастады, әрі оның сөздері керемет болды. Мәжіліс біткен соң оны Маъмун шақырып алып: «Біздің өткендегі қонағымыз сен емес пе едің?» - деді. Ол: «Иә», - деп жауап берді. Маъмун: «Сен Исламды қабылдауыңның себебі не болды?» - деп сұрады. Бұрынғы яһуди болған кісі: «Мен сол күні мәжілістен қайтқан соң осы діндердің барлығын тексеріп көргім келді, әрі мен оқуды және жазуды білемін. Сөйтіп мен Інжілді алдым да, оны үш нұсқа етіп көшірдім. Әрі мен оған әлдебір нәрселерді қостым және одан әлдебір нәрселерді алып тастадым да, сосын оны шіркеуге қойдым. Сол нұсқаларды оқып тексеруге ешкім талпынған да жоқ, әрі олар менен сатып алынды. Содан кейін мен Тауратты алдым да, оны үш нұсқа етіп көшірдім. Әрі мен	قال يحيى بن أكتهم: كان للمأمون وهو أمير إذ ذاك مجلس نظر – أي مجلس مناظرات – فدخل في جملة الناس رجل يهودي حسن الثوب حسن الوجه طيب الريح. قال: فتكلم فأحسن العبارة. قال: فلما انفض المجلس دعاه المأمون فقال له: اسرائيلي انت – يعني يهودي –؟ قال: نعم. قال: له أسلم حتى أفعل بك وأصنع لك، ووعدہ المأمون خيرا إن أسلم. فقال اليهودي: بل ديني ودين آبائي. ثم انصرف. قال: فلما كان بعد سنة جاءنا اليهودي مسلما. قال: فتكلم في الفقه والحديث فأحسن الكلام فلما انفض المجلس. دعاه المأمون وقال: له ألسنت صاحبنا بالأمس؟ قال: بلى. قال: فما سبب إسلامك. قال اليهودي: اسمع وقل الله أكبر، انصرفت من مجلسك في ذاك اليوم فأحببت ان امتحن هذه الاديان وأنا احسن الخط – يعني اجيد الكتابة- فعمدت إلى التوراة فكتبت ثلاث نسخ فزدت فيها ونقصت منها وادخلتها الكنيسة فاشتريت مني ولم يكلفوا انفسهم أن يقرؤوها أو يراجعوها

оған әлдебір нәрселерді қостым және одан әлдебір нәрселерді алып тастадым да, кейін оны синагогаға (яһудилердің ғибадатханасына) қойдым. Оларды оқып тексеруге ешкім талпынған да жоқ, әрі олар менен сатып алынды. Кейін мен Құранмен де дәл осыны жасадым да, көшірген нұсқамды (қолжазбаларды) көшіріп жазушыларға бердім. Сонда олар: «Біз оларды тексермей, қабылдамаймыз», - деді. Сөйтіп олар ондағы қателіктер мен қоспаларды және алып тасталған жерлерді көріп қойды да, бұл нұсқаларды өртеп жіберді, ал менің өзімді өлтіре жаздады. Сонда мен бұл Кітапты Аллаһ сақтап қойғанын түсіндім. Міне, менің Исламды қабылдауымның себебі де осы болды», - деді».

ثم عمدت إلى الإنجيل فكتبت ثلاث نسخ فزدت فيها وانقصت منها وادخلتها البيعة —معابد اليهود— فاشتريت مني ولم يقرؤوها أو يراجعوها ثم عمدت إلى القرآن فكتبت ثلاث نسخ وأدخلتها إلى الوراقين قالوا لا نقبلها حتى نقرأها ونراجعها فاكتشفوا أخطاءها واكتشفوا الزيادة والنقصان فقاموا واحرقوها وكادوا يقتلونني فعلمت أن هذا كتاب محفوظ من الله فكان هذا سبب إسلامي.